

2010 жылғы 1 наурыздағы N 22/3 "Қызылжар ауданының санаторлық-курорттық емделуге мұқтаж жеке санаттағы азаматтарына әлеуметтік көмек беру туралы" аудандық мәслихаттың шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 9 маусымдағы N 25/5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 шілдеде N 13-8-130 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 шілдедегі N 7/5 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2012.07.30 N 7/5 Шешімімен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-V Бюджеттік кодексінің 56-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына сәйкес аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М **Е Т Т І :**

1. Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 01 наурыздағы № 22/3 «Қызылжар ауданының санаторлық-курорттық емделуге мұқтаж жеке санаттағы азаматтарына әлеуметтік көмек беру туралы» шешіміне толықтырулар енгізілсін, (2010 жылғы 31 наурыздағы № 13-8-120 мемлекеттік тіркеу нормативтік құқықтық актілерінің Тіркелімінде тіркелген, 2010 жылғы 01 сәуірдегі № 14 «Қызылжар» газетінде, 2010 жылғы 02 сәуірдегі № 15 «Маяк» газетінде жарияланған), 1 тармақта келесі толықтырулар енгізілсін: төртінші абзацта «Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне» сөздерден кейін «барлық топтағы мүгедектерге» сөздермен толықтырылсын.

2. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен және ресми жарияланған күнінен бастап 10 күн өткенде күшіне енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы

Н. Құрманкина

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

А. Молдахметова

Қызылжар ауданының әкімі

Қ. Пшенбаев

К Е Л І С І Л Г Е Н :

«Қызылжар ауданының
жұмыспен қамту және

	әлеуметтік	бағдарламалар
	бөлімі»	мемлекеттік
мекемесінің бастығы	Н. Сұлтанғазин	
	«Қызылжар	аудандық
	экономика және	бюджеттік
	жоспарлау	бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы	А. Фролова	
	«Қызылжар	аудандық
	қаржы бөлімі»	мемлекеттік
мекемесінің бастығы	Л. Шайхлесова	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК